

АЛМАТИНСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ВСЕГДА ОТЛИЧАЛОСЬ СВОИМИ ЛЮДЬМИ. ЗДЕСЬ ВСЕГДА РАБОТАЛИ ПРОФЕССИОНАЛЫ, ПРЕДАННЫЕ СВОЕМУ ДЕЛУ. УВЕРЕН, ЧТО КОМАНДА КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ КАДРОВ УСПЕШНО СПРАВИТСЯ С ЗАДАЧАМИ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕСПЕРЕБОЙНОГО СЛЕДОВАНИЯ ПОЕЗДОВ И СОКРАЩЕНИЮ ПРОСТОЯ ВАГОНОВ. СЕГОДНЯ ЭТО БОЛЬШОЙ УЗЛОВОЙ ХАБ С ВЫСОКОЙ ГРУЗОНАПРЯЖЕННОСТЬЮ. ЧЕРЕЗ АЛМАТИНСКИЙ РЕГИОН ПРОХОДИТ ПОРЯДКА 60% ТРАНЗИТНЫХ ПОЕЗДОВ.

Нурлан САУРАНБАЕВ,
председатель правления АО «НК «ҚТЖ»



№87 (2695)
22/10/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

МАҢҒЫСТАУ-АЛМАТЫ: ЖАҢА ВАГОНДАРМЕН ЖАЙЛЫ САЯХАТ

Кеше Маңғыстаудан Алматыға қатынайтын №77/78 «Маңғыстау – Алматы-2» жолаушылар пойызы жаңа вагондармен алғашқы рейске шықты. Осыған орай Маңғыстауға арнайы барған «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Петер Штурм мен түбек теміржолшылары, облыс тұрғындары және БАҚ өкілдері жаңа вагондармен жасақталған пойызды Маңғыстау станциясынан Алатауға қарай шығарып салды.

Ұлан ОРАЗ,
Маңғыстау

Екі өңірдің арасындағы темір жолдың ұзындығы 2812 шақырымды құрайды, бұл еліміз бойынша ең ұзын бағыт болып есептеледі. Сондықтан бұл аралықта жайлы әрі жылдам қозғалыстың маңызы өте зор. Расымен жаңа вагондардың жайлылығы мінген жолаушыны қуантады. Су жаңа вагондар ауа баптау жүйесімен, ауаны зарарсыздандыруға және тазартуға арналған сүзгілермен жарақталған. Бейнебақылау, өрт сөндіру жүйесімен және әрбір вагондағы су қорымен жабдықталған. Күле мен дәліздерде кернеуі 220В болатын 2 электр розеткасы және ұялы телефондарды қуаттауға арналған 2 USB порты орнатылған. Сонымен қатар әр вагонда тоңазытқыш, микротолқынды пеш, ауыз су диспенсері және ыстық су титаны бар. Әр күле есігі магнит карталары арқылы ашылады. Осы вагондармен алғаш сапарға шығатын жолаушылардың да қуанышында шек жоқ. Олар



мынадай жайлы вагонмен алыс жол қысқарып, Алматыға дейін пойыз үстіндегі күндер жайлы саяхат боларына сенімді.

Вагондар мемлекеттік «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясында сатып алынды және Тверь вагон жасау зауытының технологиясы бойынша «Тұлпар» зауытында құрастырылыпты. Вагондарды сатып алуды «Өнеркәсіпті дамыту қоры»

АҚ қаржыландырды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ 2010-2021 жылдары 1153 вагон, оның ішінде Маңғыстау облысы бойынша 141 вагон сатып алған еді. Соның ішінде фирмалық «Маңғыстау – Нұр-Сұлтан» пойызы – 33, «Маңғыстау – Алматы-2» пойызы – 90, «Атырау – Маңғыстау» пойызы 18 вагонмен жаңартылды.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-да 2020-2029 жылдарға арналған стратегияға сәйкес 500-ге жуық жолаушылар вагонын сатып алу көзделген. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды отырғызуға және түсіруге арналған арнайы орындары мен көтергіш құрылғылы вагондар да бар. Тағы бір айта кетерлігі, бұл бағыттағы пойыздардың жүру уақыты биыл желтоқсаннан бастап 2,5 сағатқа қысқарады және алдағы уақытта жүрдек Тальго пойызын осы бағытта шығару жоспарда бар.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ШАҚЫРДЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы ірі көмір разрездері өкілдерімен кезекті көшпелі кеңес өткізді. Кездесуде Шұбаркөл және Қызылжар жүк тиеу станцияларын инфрақұрылымдық дамыту, сондай-ақ көмір тиеуге қажетті жылжымалы құраммен қамтамасыз ету және ашық вагондарды ұтымды пайдалану мәселелері талқыланды.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ магистральдық желісінде көмір разрездерінің қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз ету үшін жылжымалы құрам жеткілікті. Қатты отынды тасымалдауға 35 мың түрлі меншік нысанындағы ашық вагон тартылып отыр.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Қазтеміртранс» АҚ көмір тасымалына 13 мыңнан астам вагон ұсынып отыр. Бұл қолданыстағы парктің 66% құрайды. Кеңес барысында жүк жөнелтушілерге ашық вагондардың жүк операциялары барысында тұрып қалуы уақытын және олардың айналымын азайту ұсынылды.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың 9 айында қазақстандық тұтынушыларға 53 млн тоннадан астам көмір тасымалданды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2% жоғары.

Кеңес қорытындысы бойынша жауапты құрылымдық бөлімшелерге көмір өндіруші кәсіпорындарға кірме темір жолдар құрылысы перспективаларын қарау бойынша тапсырмалар берілді.

Нұрбек БЕКЕН
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҚАЗІР ЕЛІМІЗДЕ КӨМІР ТАСЫМАЛЫНА

35 000

ЖУЫҚ ВАГОН ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ»
АҚ-НЫҢ ВАГОН ПАРКІ
ӨТКЕН ЖЫЛДАН БЕРІ

118

ЖАҢА ҚҰРАММЕН ТОЛЫҚТЫ.

АТЫРАУ ӨНІРІ БОЙЫНША БИЫЛ

56 км

ЖОЛ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ.



Марат ШАКЕНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ қозғалыс қауіпсіздігі
департаментінің директоры:

Брифинг ДЛЯ КОМФОРТА ПАССАЖИРОВ

В период с 2010-го по 2021 год АО «Пассажирские перевозки» приобрело 1 153 вагона, из них 141 вагон – для обновления составов поездов по Мангистауской области. Об этом на брифинге в Актау рассказал генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Петер Штурм.

В октябре 2021 года в рамках государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» компания приобрела 28 вагонов, собранных на заводе «Тұлпар» по технологии Тверского вагоностроительного завода. Вчера 18 из них отправлись в свой первый рейс в составе пассажирского поезда №77/78 Мангистау – Алматы-2.

– Это особенное для нас событие. Новые вагоны полностью соответствуют международным стандартам. Они оснащены современными системами видеонаблюдения, пожаротушения и кондиционирования, в том числе фильтрами для обеззараживания и очистки воздуха. Купе открываются при помощи магнитных карт. В каждом из них предусмотрены розетки и USB-порты для зарядки гаджетов. Также в вагоне имеется холодильник, микроволновая печь, диспенсер с питьевой водой, – проинформировал журналистов Петер Штурм.

Он добавил, что в декабре те-



кущего года планируется запуск нового графика движения поездов, согласно которому время состава №77/78 Мангистау – Алматы-2 в пути сократится на 2,5 часа.

– В нашем парке свыше 2 100 вагонов и около 250 вагонов, которые приобрели за последние два года. В начале следующего года придут еще 62 вагона «Тальго». В рамках международного конкурса мы планируем приобрести до 2029 года порядка 500 новых пассажирских вагонов, соответствующих международным стандартам, что

позволит существенно обновить вагонный парк АО «Пассажирские перевозки» – на 2/3. Все мероприятия по обновлению вагонного парка мы проводим в рамках нашей концепции повышения клиентоориентированности. Это для нас очень важно, потому что клиент всегда прав, – сообщил генеральный директор АО «Пассажирские перевозки».

Также в ходе выездного брифинга г-н Штурм проинформировал собравшихся о других планируемых новшествах по улучшению

качества обслуживания клиентов.

– До конца года мы хотим внедрить на нашем сайте онлайн-табло, которое будет оповещать о задержках поездов. Со следующего года будет реализован проект по комбинированному билету, когда пассажир, к примеру, приехав в Алматы, сможет воспользоваться своим проездным документом на метро или автобусе, – рассказал Петер Штурм. – Мы работаем также в направлении повышения доли продаж онлайн-билетов. Этим летом, например, она у нас составила 2/3 от общей продажи (67%), что в среднем даже выше, чем в европейских странах, таких как Германия и Польша. С начала этого года объем продаж вырос на 30% по отношению к тому же периоду прошлого года. По сравнению с 2020-м мы определенно повысим нашу доходность.

Отвечая на вопросы журналистов касательно «женских» вагонов, Петер Штурм сообщил, что в зависимости от спроса проект будет распространяться и на других маршрутах. Пока данная услуга доступна на двух самых протяженных маршрутах: Алматы – Мангистау и Алматы – Оскемен.

Любовь РОББА
Фото Александра ЖАБЧУКА

«ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУҒА Осы саладағы нысандардың жағдайын бақылау мен диагностика-лау, оларды пайдалану үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Ғылыми-техникалық үдерістің негізгі қауіпсіздік-тен құралған. Ұлттық компания тартымдылық жылжымалы құрам үшін де цифрлық шешімдер енгізуде. «ҚТЖ-жүк тасымалы» ЖШС мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ локомотивтері бортық жүйемен жабдықталған. Олардың «Автожүргізу» және бейнебақылау жүйесі, катушка диагностикасымен байланысты қосымша функциялары бар»

СТАНДАРТИЗАЦИЯ – ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА УСЛУГ



Развитие стандартов железных дорог мира обсудили представители АО «НК «Қазақстан темір жолы» и Международного союза железных дорог (МСЖД) в ходе международного семинара. Мероприятие, состоявшееся в рамках МСЖД APRA, собрало свыше 200 международных экспертов технических комитетов железнодорожной отрасли.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нур-Сұлтан

По словам главного инженера АО «НК «ҚТЖ» Батыра Котырева, особую роль в функционировании транспортных коридоров играет стандартизация, которая является инструментом внедрения новых технологий для стран с различной системой железнодорожной колеи 1520 и 1435 мм.

– В деле развития национальных отраслевых стандартов значимую роль

играет Технический комитет №40 (ТК 40), функционирующий с 2002 года на базе Казахстана темір жолы. В настоящее время ТК 40 является полноправным членом международного комитета ISO/TC 269 Railway Applications и межгосударственного комитета МТК №524 «Железнодорожный транспорт». В его состав входят представители компаний операторов, перевозчиков, органов по подтверждению соответствия, испытательных центров, производителей железнодорожной продукции и другие.

Комитет объединяет 51 организацию и 143 технических эксперта по стандартизации. При этом особая роль в ТК 40 отведена техническим экспертам, имеющим полномочия по голосованию стандартов, – отметил он.

На постоянной основе экспертами ТК 40 разрабатываются стандарты, а их обсуждение происходит с использованием интернет-ресурса. Кроме того, все проекты стандартов публикуются на официальном сайте АО «НК «ҚТЖ» и на корпоративной странице компании

в социальной сети Facebook.

– С целью систематизации фонда действующих и применяемых документов в компании реализован проект на базе информационно-справочной системы «Параграф», где собраны внутренние документы, стандарты, законы и правовые акты международных объединений и многое другое, – рассказал Батыр Котырев.

Общий объем оцифрованных и размещенных документов на сегодняшний день составляет более 4 000 единиц.

Реализация данного проекта позволила систематизировать и обеспечить достоверность, полноту и актуальность имеющейся информации, а также оперативное оповещение об изменениях документов.

Кроме того, Батыр Котырев отметил особую роль Азиатско-Тихоокеанской региональной ассамблеи МСЖД как платформы для обмена передовой практикой, опытом и техническими решениями.

Второй ключевой аспект – разработка межгосударственных стандартов под эгидой МТК 524, которые охватывают вопросы безопасности железнодорожной продукции, вводимых в обращение в странах Евразийского экономического союза. Третий – разработка национальных стандартов по обеспечению качества перевозочных услуг: локомотивной тяги, перевозки грузов и услуг для пассажиров.

КӨМІР ҚОРЫ ТОЛЫҒУДА

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ҚЫСҚА
ДАЙЫНДЫҚ

Теміржолшылар қатал маусымға ерте қамданатыны бесенеден белгілі. Түбек теміржолшылары қыркүйек айында-ақ қажетті көмірді қоймаға жинап, жолаушы пойыздарын жылытуды қыркүйектің соңында бастап жіберді.

«Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінің Маңғыстау станциясы үшін биылғы қысқы маусымға 10 вагон көмір жоспарланған. Қазірге дейін соның екі вагоны қоймада, тағы бес вагоны жолда. Ал Бейнеу станциясы бойынша екі есе көп. Пойыздар қозғалысына байланысты мұнда қыс қажеттілігін өтеуге 20 вагон көмір кетеді екен. Бүгінге дейін Бейнеу қоймасына 4 вагон – 276 тонна көмір түсіріліпті. Қалғаны келіп жатыр.

– Қаражыра көмірін алып жатырмыз. Жақында 150 тоннаны Маңғыстау станциясындағы қоймаға түсіріп алдық. Қойманың үсті жабық, кез келген ауа райында жақсы сақтауға болады. Ал Бейнеуде НЖС мекемесінің қоймасын жалдап отырмыз, – дейді бұл жөнінде «Вагонсервис» АҚ Маңғыстау телімінің шебері Қосай Сейтқалиев.

Мекеме, сондай-ақ, вагондардың қысқа дайындығын да аяқтап қалыпты. ТО-2 жөндеуден 40 жолаушы вагоны өтуі жоспарланған екен. 15 қазанға дейін 32 вагон тиісті жөндеуден өткен. Айдың аяғына дейін жоспар толық орындалады дейді мамандар. Сонымен қатар ТО-3 жөндеу түрінен қыркүйек-қазан айларында 60 вагон өтуі керек болатын. Оның 42-сі дайындық сапына қойылған. Ал ТО-1 ағымдағы жөндеу шеңберінде күніне жиырма шақты вагонға қызмет көрсетіледі.

Суретті түсірген автор



КӘСІБИ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ДЕГЕН ОСЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



МАМАНДЫҒЫ-
МАҚТАНЫШЫ

Қазалы вагон пайдалану депосына қарасты Қызылорда техникалық қызмет көрсету қосынының вагон қараушылары Бағдәулет Айтқұлов пен Құрманбек Асқаров табылуы өте қиын ақауды анықтап, қауіптің алдын алды.

Ақаулы вагондардың бірі 1 қазан күні таңертең 07 сағат 35 минутта Қызылорда бекетіне келіп тоқтаған пойыздан анықталса, екіншісі 17 қазанда түнгі ауысымда табылды. Алғашқысында букс торабасы бекітпесінің М-20 бұрандасы сынған, екінші жағдайда букс ролігі сеператоры сынғаны анықталды.

– Біздің Қызылорда ТҚК қосынының вагон қараушылары Құрманбек пен Бағдәулет – бұған дейін де талай рет вагоннан ақау тауып, қырағылығымен танылған теміржолшылар. Қазан айында жігіттердің анықталуы өте қиын және сирек кездесетін ақауды табуы олардың өз кәсібін бес саусағындай білетін, нағыз шебер вагон қараушылар екенін тағы дәлелдеп отыр, – деді әріптестері жайлы Қызылорда ТҚК қосыны басшысы Рүстем Ұзақбаев.

Пойыз бекетке кіргенде қауіпсіздік қосынында тұрып, жылжымалы құрамды бақылаудан өткізіп алып, пойыз тоқтағаннан кейін жағалай жүріп әр вагон доңғалағын ұрғылап, тексеріп шығатын сары билет киіп, қолына рация мен балға ұстаған вагон қараушыларды барлық станцияда көреміз. Олардың құлағына доңғалақты не буксты кішкене балғамен соққанда естілетін дыбыс та әбден жаттанды болған. Оның үстіне заманауи технологияның да көмегі бар. КТСМ-02 қондырғылары жүріп келе жатқан құрамның пәленінші вагоны дұрыс жұмыс жасамай сыр беріп келеді деп алдын ала байбалам салып, «тревога 1-2» сигналын беріп, вагон қараушыларға едәуір көмек береді. Осындай сигналдар көмегімен бекетке келген құрамадан талай «күдікті» вагон анықталып, құрамнан ажыратылды.

Ал бұл жолы таңқаларлық жағдай да сол, КТСМ-02 қондырғысы қауіпті ақау жайлы ешқандай белгі бермеген. Демек, заманауи техниканың да «көрмей» қалатыны болады екен, ал біздің қос вагон қараушы сол техниканың өзі анықтай алмаған ақауды тауып отыр. Нағыз кәсіби қырағылық деген осы шығар!

Суретті түсірген автор



ЖҮК АЙНАЛЫМЫ АРТА ТҮСТІ



ТАСЫМАЛ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Жүк түсіру мен тиеу бойынша соңғы мәліметтерге сүйенсек, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда атқарылған жұмыс көлемі 102 пайыз болыпты. Бұл техникалық жоспардың да көзделген мөлшерден асыра орындалғанын айғақтайды. Әсіресе, түсті металл өнімдері тиелетін Жаңғызтөбе, әктас пен қиыршық тас, шағыл артылатын Суықбулақ, ішкі әрлеуге арналған құрылыс материалдары тиелетін Аяғоз станцияларындағы жүк тиеу көрсеткіштері бұрынғыға қарағанда анағұрлым жоғарылап отыр. Сонымен қатар, 1-класты Жаңа-Семей жүк станциясынан темірбетонды өнімдер мен «Силикат» ЖШС-ның кірпіш өнімдері мен цемент тиеу де артқан. Бұл аталған станциялардағы негізгі басымдық берілетін жүктерге жатады. Ал, Семей станциясында астық пен мультимедия дақылдар тиеудің көлемі биыл да жоғарылап отыр.

Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының айтуынша, цемент жөнелтуде техникалық жоспар бойынша межелеген жоспар асыра орындалған. Тек осы құрылыс материалын тиеудің өзі 109,1 пайызға жетіп отыр. Оған ел шығысында мемлекеттік бағдарламалар аясында салынып жатқан тұрғын үйлер құрылысының жылдағы мөлшерден артуы да біршама себеп

Семей ЖТ бөлімшесінде жүк айналымын арттыру бойынша қолға алынған шаралар оң нәтиже беруде. Бұл орайда соңғы тоғыз айдың қорытындысында оң көрсеткіштер көп. Осыған қарап, межелі шаралар толық орындалып жатқанына көз жеткізуге болады.



болуда. Яғни, құрылыс материалдарының тасымалы Қаражыраның көмірінен кейін екінші орында тұр.

Жалпы, биылғы жылы жергілікті теміржолшылар толық көлемі 12,0 млн тоннаның үстінде жүк тасымалдауды жоспарға алып отыр. Оның ішінде, әлбетте, тұрғын үй және жол құрылысына арналған материалдардың үлесі мен көмір тасымалының көлемі және астық өнімдері жылдағыдай мол болып отыр. Сонымен қатар, биылғы күзде «Шығыс-Астық» ЖШС мен жаңадан ашылған құнбағас майын шығаратын «Qazaq-astuq group» ЖШС ұлттық компаниясымен арадағы келісімшарт негізінде тапсырыс көлемін еселеп отыр. Өндірілген тауар көлемі негізінен Ресей мен Орта Азия елдеріне экспортталады.

Биылғы жылы шығыста зығар, рапс және құнбағас дақылдарының алқабы ұлғайыпты. Сондықтан да, Ауыл, Белағаш станцияларында осы жүк түрлерін тиеу биыл қайтадан қолға алынууда. Осы орайда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша өндіріске жұмсалатын шығын мен кіріс көлемі бойынша көрсеткіштер қазіргі күні нәтижелі түрде орындалуда.

Биыл жүк айналымын 7418 млн ткм неттоға жеткізіп, учаскелік жылдамдықты 39,44 км/сағ-қа жоғарылату семейлік теміржолшылар үшін басты меже саналып отыр. Ал, қазіргі күнгі қол жеткізілген нәтижелерге қарап жыл соңына дейінгі екі айдың ішінде көзделген жоспар толығымен орындалады деген сенім бар.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Қауіпсіздік

ӨЗІНДІ ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАРЫНДЫ САҚТА

Осындай тақырыппен теміржол бойында қауіпсіздікті сақтау бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізудің кезекті рейдін өткізген қызылордалық теміржолшылар қатарында тәртіп сақшылары мен әскерилендірілген күзет өкілдері де болды.

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,
Қызылорда

Қызылорда станциясының маңайындағы жаяу жүргіншілер үшін қауіпті саналатын Шұғыла, КБИ аудандарында рейд өткізген теміржолшылардың үгіт тобына Қызылорда жол дистанциясының жол шебері Мақсат Абдраманов, қауіпсіздік инженері Әлияр Өтегенов, ӘТЖК қызметінен Асылбек Жоламанов пен Жеңісбек Есназоров, ЖШБ полиция майоры Асыл Сапарбек, «Теміржол» партия филиалы төрағасының орынбасары Базара

Танбаева қатысып, қауіптілігі жоғары аймақта жүріс-тұрыс ережесін түсіндірумен қатар теміржол өткелдері тұсына ілінген ескерту билбордтарын жаңалап, 150 шақты ескерту парақшаларын таратты.

Дегенмен тұрғындардың ескертуге бей-жай қарайтыны, кейде үгіт тобының әрекетіне бойсұнығы келмейтіндердің кездесетінін, тек топта полиция өкілінің болғанынан ғана ескертуге тоқтап, айтқанды тыңдамайтындығы байқалады.

Ал тұрғындар осы ауданда көпір салынады, өткел салынады деген әңгіме әлі күнге іске



аспай жатқанын айтып шағымданды, жаяу жүргіншілер жолы мен көпір құрылысы ертерек қолға алынса деген тілектерін жеткізді.

Суретті түсірген автор

ЖАПА ШЕККЕНДЕР АЗАЯР ЕМЕС

Шымкент жол дистанциясы қызмет көрсететін аумаққа пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін сақтау мақсатында 164 шақырымға қоршау қойылған. Соған қарамастан жыл басынан бергі тоғыз айда бес адамды пойыз басып, он шұғыл тежеу қолдану оқиғасы орын алған.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Ең өкініштісі, теміржол бойында кетіп бара жатқан жастар құлаққап тағып алғандықтан пойыздардың ескертпе белгілерін естімей қалып, қайғылы оқиғалар орын алып жатады. Сонымен қатар дистанция аумағында

қараусыз малды басу бойынша 17 оқиға, ал иесіз жайылған төрт түлік кесірінен 11 шұғыл тежеу қолдану оқиғасы тіркелген. 14 малдың иесі анықталып, әкімшілік хаттама толтырылды. «Теміржол бойында орналасқан жергілікті тұрғындармен біз желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп отырып, тұрақты түрде түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз.

ЕСКЕРТУ – ҚАУІПТІН АЛДЫН АЛУ

Темір жол қашан да қауіпті. Алайда тұрғындардың бұл ескертуді көп жағдайда елей бермейтінін айтқан теміржолшылар тағы да дабыл қақты. Өйткені, азаматтардың өз салғырттығының салдарынан зардап шегу оқиғасы тыйылар емес.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Бүгінде Қандыағаш станциясында «Абайлаңыз! Басып кету қауіп бар!» акциясы өтіп жатыр. Вокзал қызметкерлері мен тәртіп сақшылары жолаушыларды қозғалыс ережесін қатаң сақтауға шақыруда. Үш күндік шара кезінде 15 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Олар теміржолды белгіленбеген жерден кесіп өтуге және рұқсат етілмеген жерде сауда жасауға қатысты.

Теміржолшылар сондай-ақ ата-аналардың балаларға қауіпсіздік



ережелерін жиі ескертіп, жіті бақылауға алуларын сұрайды. Мектептерді аралап, балаларға дәріс оқуда. Мал басу оқиғалары да азаймай отыр екен. Теміржолдың айналасына мал жаудың өз

тәртібі, ережесі бар. Дегенмен, көбіне қараусыз жайылып жүрген төрт түлік – пойыздардың қалыпты жұмысын бұзуға себепші. Оның салдары пойыздардың кідіруіне, локомотивтердің бұзылуына әкеп

соғуда, ең бастысы, жолаушыларға қауіп туғызады.

«Шұбарқұдық-Рзд 102» жолы аралығында №2881 жүк пойызы жылы басып кетті. Мал иесі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 559-бабының 1-бөлімімен теміржолдардың бөлінген жолағында мал жау қағидаларын бұзуы бойынша жауапкершілікке тартылды. Осылайша, мал иесі ақ-адал өсіріп отырған малынан бір айрылса, айыппұл төлеп екі шығынға батпақ», – дейді Қандыағаш желілік полициясының аға инспекторы Құлманова Самал.

Теміржолшылар автокөлік иелерін де өткелден өтерде қауіпсіздік қағидаларын қаперге алуды ескертеді. Өйткені кей жүргізушілер асығыстық жасап өте шықпақ болғанымен, жүйтікпен пойыз әл-сатте жетіп келіп қапы қалып жататыны жалған емес. Сондықтан, жол қысқартам деп, өміріңізді қысқартып алмаңыз деген ескерту орынды.

Суретті түсірген автор

ДОСТИГАТЬ РЕЗУЛЬТАТОВ СООБЩА



СЕМИНАР

В Караганде состоялся семинар-совещание на тему «Безопасность движения поездов», на котором рассмотрены меры по предотвращению случаев наезда на посторонних людей и скот, а также организации и проведения внутреннего контроля безопасности движения на железной дороге.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

На семинаре присутствовали региональные главные ревизоры по безопасности движения и руководители подразделений АО «НК «КТЖ», представители уполномоченных органов, Комитета транспорта, инспекции транспортного контроля, ЛОВД, ВЖД, ЛУП, информационных служб, ДЧС и другие.

По словам директора по безопасности движения АО «НК «КТЖ» Марата Шакинова, очень важно, чтобы семинар не оставил никого равнодушным, и все присутствующие были вовлечены в процесс обсуждения подходов, обмена опытом в решении общих проблем, с которыми сталкивается компания в процессе организации движения поездов.

В первой части семинара директор департамента по

стрелочных перевода и отменено 164 КМО. Безусловно, эффективное влияние оказало и изъятие из эксплуатации боковых рам, изготовленных из одной партии плавки, после сходов, создававших прямую угрозу безопасности движения. Все эти действия позволили сократить сходы по причинам изломов боковых рам до 3 случаев против 5.

В свою очередь директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути» Аслан Акашов отметил, что при введении программного обеспечения КАПС-БП удалось уменьшить количество сходов из-за выбросов бесстыкового пути. Благодаря внедрению 7 вагонов МДК



случаи – крушение на станции Улпан 26 февраля. ЧП произошло в организованном поезде со сходом 22 вагонов, падением на бок и исключением их из инвентаря. Причиной падения на путь стало

случаев против 70 в прошлом.

По мнению представителей ВЖД, создают прямую угрозу безопасности движения и влияют на бесперебойную работу железнодорожного транспорта хищения элементов верхнего строения пути. С начала года зафиксировано 17 случаев МВСП, 3 случая хищения тормозных башмаков, 3 случая хищения груза, 1 случай хищения деталей подвижного состава.

На следующий день для участников семинара был организован выезд на станцию Караганда-Сортировочная, где они смогли ознакомиться с технологией работы горочной системы, а также порядком роспуска вагонов.

При подведении итогов семинара-совещания внесены предложения по продолжению работы, связанной с недопущением наезда на людей на путях, уделяя особое внимание участкам, где жилые массивы расположены вблизи железнодорожного полотна. Также поручено продолжать разъяснительную работу среди населения совместно с акиматами и СМИ, чтобы «достучаться» до людей в очередной раз напоминая о том, что железная дорога является зоной повышенной опасности.

Для обратной связи присутствующим предложено проанализировать результаты семинара, дискуссий на местах в рамках своих полномочий, принимать все меры по обеспечению безопасного перевозочного процесса на железнодорожном транспорте.

Фото автора

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ НАБЛЮДАЕТСЯ СНИЖЕНИЕ НАЕЗДОВ НА ЛЮДЕЙ, ЗА 9 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА – 68 СЛУЧАЕВ ПРОТИВ 70 В ПРОШЛОМ.

некачественное оказание услуг ремонтным предприятием ТОО «Камкор Локомотив».

По-прежнему открытым остается вопрос наезда на людей. Из-за несоблюдения посторонними правил нахождения на объектах железнодорожного транспорта всего с начала года допущено 68 наездов на людей. Как показывает статистика, 28 случаев зафиксировано на станциях, 40 – на перегонах. Из них с летальным исходом – 37 случаев, в том числе 2 случая с детьми. Как известно, нарушители создают угрозу не только своей безопасности, но и железнодорожному транспорту, его работникам, пассажирам, грузам и имуществу.

Между тем компанией проводятся профилактические работы, принимаются организационные, информационные, технические и правовые решения, в том числе рейды, собрания, выпуск плакатов, знаков, видеороликов, буклетов, распространение сообщений на вокзалах, в поездах и в СМИ.

На сегодняшний день наблюдается снижение наездов на людей, за 9 месяцев текущего года – 68



безопасности движения ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Жаксылык Жуматаев озвучил статистику по состоянию безопасности движения за 9 месяцев текущего года. С его слов, участниками перевозочного процесса было допущено одно крушение и 54 схода подвижного состава. По сравнению с прошлым годом наблюдается динамика по уменьшению крушений на 2 и 7 случаев сходов. Стоит отметить, что в снижении сходов подвижного состава повлияло принятие запретных мер ревизорским аппаратом по недопуску к эксплуатации 508 локомотивов, 1325 грузовых вагонов, 175 пассажирских вагонов. Было закрыто 654

проводится диагностика пути, ультразвуковая и магнитная дефектоскопия, ведется видеоконтроль элементов верхнего строения пути. Эти операции привели к сокращению количества изломов рельсов. Также положительные результаты достигнуты и за счет своевременной подготовки хозяйств к работе в зимний период, готовности снегоочистительной техники, опыта от последствий нарушений безопасности движения, допущенных при ухудшении погодных условий, снежных заносах, затруднений в работе при наступлении паводкового периода.

Однако в этом году были зафиксированы и весьма тяжелые

ИНТЕРЕСНО И ПОЗНАВАТЕЛЬНО



ПРОФСОЮЗ

Как стать эффективным лидером, лучше понимать себя и окружающих тебя людей, коллег, работать с ними более результативно, а также ориентироваться в некоторых положениях налогового и трудового законодательства обучились представители профсоюзного актива железнодорожных предприятий Защитинского узла ОО «КАЗПРОФТРАНС» на заседании «круглого стола». Он был приурочен ко Дню профсоюзов РК и проходил с участием социальных партнеров, ТОП «Профсоюзный центр ВКО».

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В начале для профактивистов прошел специальный тренинг по основам эффективности руководителя и успешным коммуникациям, развитию лидерских способностей, который провела кандидат психологических наук, сертифицированный бизнес-тренер Лариса Назырова. По сути, это был интерактивный тренинг, на котором профсоюзные активисты учились определять типы личности по знаменитому английскому тесту, делились собственным мнением, с удовольствием выполняли задания бизнес-тренера. Лариса Назырова делилась своими знаниями, как лучше понять себя, других, управлять своими эмоциями, энергией, знать свои слабые и сильные стороны, почему важно вести здоровый образ жизни. Ведь, как напомнила бизнес-тренер, учиться нужно всегда, тем более в современном, постоянно изменяющемся мире, чтобы быть конкурентоспособным. Наверное, кроме того, что участники тренинга углубили



свои знания по психологии, стали лучше понимать, кто такие экстраверты и интроверты, сенсорики и интуиты, они стали более близки и понятней друг другу, а это важный аспект для дальнейшей совместной работы.

Во второй части «круглого стола» профактивистам объясняли нюансы трудового и налогового законодательства. Ведь им часто приходится отвечать на вопросы работников железнодорожных предприятий-членов профсоюза о том, кому и на каких условиях положены ежемесячные экологические надбавки к зарплате, дополнительные дни к ежегодному трудовому оплачиваемому отпуску. На эти вопросы подробно

и обстоятельно ответили главный специалист департамента государственной инспекции труда ВКО Еспол Сеитов, представители ТОП «Профсоюзный центр ВКО».

Вопросы, которые касаются налогообложения в профсоюзных организациях при выплате материальной помощи, благотворительных акциях, покупке призов от профсоюза, разъяснила главный специалист управления разъяснительной работы департамента государственных доходов по ВКО Гульмира Сабралимова.

Как отмечают участники мероприятия, полученные знания и навыки помогут профсоюзному активу Защитинского узла в

дальнейшей профессиональной деятельности по защите членов профсоюза.

– Тренинг хороший, полезный, четкие разъяснения дала инспекция труда, – считает председатель профкома по узлу станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов.

В завершение мероприятия представитель Центрального совета ОО «КАЗПРОФТРАНС» Айгуль Жайлаубаева торжественно вручила награды участникам профсоюзного марафона «30 километров за 30 дней», в котором приняли участие 13 членов профсоюза. Участникам с лучшими результатами получили медали, дипломы и памятные призы – смарт-часы. Среди них инструктор по спорту «КАЗПРОФТРАНС» Олег Кушкун, работники ТОО «СпецСервис-Курылыс», супруги Сымбат и Гульмира Спановы, начальник производственно-технического отдела Серебрянского дистанции пути Георгий Колмаков.

Также Айгуль Жайлаубаева рассказала о дальнейших планах профсоюза. Похоже, впереди еще много полезного и интересного!

Фото автора



БУДУЩИЕ ТРАНСПОРТНИКИ

Любовь РОВБА,
Алматы



ФОРУМ

В Алматы прошел VIII Молодежный форум транспортников KAZLOGISTICS, основным лейтмотивом которого стала логистика во время пандемии.

Инициатором и идейным вдохновителем форума уже восьмой год подряд является Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS». Основная цель мероприятия – вовлечение будущих специалистов транспортной отрасли в профессию, оценка их уровня знаний, умений и навыков.

В рамках форума прошли брейн-ринги и мастер-классы от ведущих экспертов отрасли.

Отличительной особенностью восьмого форума стало участие студентов в работе III Международной конференции «Рынок транспорта и логистики» в рамках 24-й Казахстанской международной выставки «Транспорт и логистика». Они получили уникальную возможность услышать о мировых трендах логистики из «первых уст», задать интересные вопросы отечественным и зарубежным экспертам.

По традиции, на форуме подвели итоги ежегодного конкурса среди студентов и молодых специалистов «Лучший стартап-проект в транспортной логистике-2021 Startup Transport Innovations».

Участники продемонстрировали свои инновационные разработки для решения проблемных вопросов транспортно-логистической отрасли, которые могут успешно применяться на практике.

Финалистами конкурса стартап-проектов стали Карагандинский университет Казпотребсоюза, Академия гражданской авиации и университет «Туран». Первое место на Startup Transport Innovations заняли Ернар Аuezхан и Асадбек Курбаналиев из Алматы менеджмент университета.

Кроме того, на VIII Молодежном форуме транспортников состоялась интеллектуальная викторина, лучшим в которой стал университет «Туран». Второе место – у Университета международного бизнеса (UIB), а третье – у Satbayev University (KazNITU им. К. Сатпаева).

БЕСПЕЧНОСТЬ – ЗЛО С ПОСЛЕДСТВИЯМИ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



ПРОФИЛАКТИКА

Железнодорожники столицы совместно с сотрудниками линейного управления полиции провели акцию «Стоп наезд». Цель мероприятия – информирование населения о правилах безопасного поведения на железнодорожных объектах.



В рамках акции с населением проводились разъяснительные беседы, а также раздавались памятки о поведении вблизи путей. Железнодорожники пытались донести всю трагичность беспричинного поведения, рассказывая, что поезд не может мгновенно остановиться, что его тормозной путь составляет несколько сотен метров, а иногда и более километра.

– Подобные мероприятия необходимо проводить, с людьми нужно говорить, – считает начальник ОАП ЛУП на станции Нур-Султан Абай Килибаев. – Через средства массовой информации постоянно рассказывать о трагических случаях, которые происходят на железной дороге. Многие, так или иначе, задумываются и начинают соблюдать правила безопасности. С начала года в СМИ нами был опубликован 141 материал о недопущении травматизма на железнодорожном полотне, о профилактике правонарушений и преступлений среди несовершеннолетних.

Сегодня граждане все чаще прибегают к услугам железнодорожного транспорта, но зачастую не все из них соблюдают правила безопасного нахождения на путях, переходят их в неустановленных местах, что часто приводит к трагическим последствиям.

Так, за 9 месяцев текущего года организовано 85 лекций в учебных заведениях, более 140 встреч с населением и 122 с работниками железнодорожных организаций. Кроме того, железнодорожники совместно с сотрудниками линейного управления полиции провели 88 рейдовых мероприятий. Но статистика оставляет желать лучшего. Если за 2020 год было совершено 4 наезда на людей, а за 9 месяцев текущего года зафиксировано 6 таких случаев.

Фото автора

Центральный совет ветеранов-железнодорожников и Совет ветеранов центрального аппарата АО «НК «КТЖ» глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования родным, близким и коллегам по поводу невозможной утраты – кончины участника Великой Отечественной войны, Почетного железнодорожника, награжденного орденами Дружбы народов, Отечественной войны I степени и дважды орденом Трудового Красного Знамени, члена Консультативного Совета АО «НК «КТЖ» Турганбаева Рымбека Турганбаевича. Светлая память о нем сохранится в сердцах тех, кто его знал, любил и уважал.

Экскурсия

ПРИКОСНУТЬСЯ К ИСТОРИИ



Студенты Высшего колледжа транспорта и коммуникаций города Нур-Султан посетили музей АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Любовь РОББА,
Нур-Султан

Познавательная экскурсия для учащихся 2-х и 3-х курсов колледжа приурочена сразу к нескольким знаменательным датам – 30-летию независимости Казахстана, Дню профсоюзов РК и юбилею первого министра транспорта РК Почетного железнодорожника Нигматжана Исингарина.

Преимущество поколений и славные трудовые династии являются визитной карточкой стальной магистрали. Это нашло отражение и в корпоративных ценностях АО «НК «ҚТЖ» БЛАГО, одной из которых является «Гордость» – компания гордится своими кадрами и ветеранами отрасли. Поэтому на протяжении долгих лет поддерживает тесную связь с отраслевыми учебными заведениями.

Стоит отметить, что музейную деятельность Қазақстан темір жолы курирует отраслевой профсоюз КАЗПРОФТРАНС, и это является дополнительным вкладом в сохранение истории и продвижение престижа железнодорожной профессии.

Во время экскурсии менеджер по музейной деятельности Акмарал Молдашева познакомила будущих железнодорожников с разными периодами становления транспортной отрасли и страны в целом, уникальными приборами и техникой, которыми пользовались железнодорожники минувших лет. Ребята с интересом рассматривали экспонаты, задерживали взгляд на стендах с пожелтевшими документами, знаками отличия,

форменной одеждой.

– В начале XX века по землям, составляющим ныне территорию независимого Казахстана, пролегли первые железнодорожные пути, – рассказала Акмарал Молдашева. – Железная дорога не раз становилась драйвером индустриализации. Множество проектов, связанных со стальной магистралью, вносят вклад в развитие страны и по сей день.

Особый интерес у молодежи вызвали исторические факты участия железной дороги в освоении целины и передислокации столицы из Алматы в Астану.

– Отличительной чертой железнодорожников является трепетное отношение к истории транспортной отрасли. Для нас важно возвращать новое поколение работников стальной магистрали и передавать им корпоративную культуру и ценности, которым более 100 лет, – отметила Акмарал Молдашева.

Помимо ознакомительной экскурсии для гостей провели викторину «Зейнді студент», где они продемонстрировали свои знания о важных для железной дороги датах и событиях. Самые активные и внимательные студенты получили памятные призы. Не менее увлекательной частью мероприятия стала возможность поделиться своими пожеланиями в специальной книге, тем самым оставив след в истории музея Қазақстан темір жолы.

Ребята поблагодарили организаторов за насыщенный и интересную программу и отметили, что получили массу полезных знаний и положительных эмоций.

Фото автора

АРДАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ



Жуырда Атырау магистральдық желі бөлімшесінде «Қазан – қамқорлық айы» аясында өлке темір жолының дамуына сүбелі үлес қосқан еңбек ардагерлерінің басын біріктірген мән-мазмұны ерекше шара болып өтті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Соңғы жылдары мұндай шара сирек кеткені рас, ал былтырдан бері әлемді шарпыған коронавирус індеті қандай да басқосуға тіптен тосқауыл қойды. Қариялар да үйден ұзап шыға алмады. Ал қазір жағдай түзеліп келеді. Кездесуге келген қариялар бір-бірімен сағына көрісіп, құшақтар айқасып, емен-жарқын әңгіме өрбіді.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Елеубай Сапаров ардагер-теміржолшыларға қош келдіңіздер айтып, сала жұмысындағы жаңалықтардан хабардар етті. «Дария кеуде, тау мүсін, Қарттарым, аман-сау-мысың!» деп Мұқағали ақын жырлағандай, бүгін Сіздермен кездесудің сәті түсіп отырғанына, аман-сау көргенімізге қуаныштымыз. Сіздер салып өткен сара жолмен бүгінгі ізбасарларыңыз жүріп келе жатыр. Өңір темір жолы да елімізбен бірге дамып келеді. Қазір жолдарымыз жаңарып, бұрын сағатына 50-60 км жылдамдықпен жүрген пойыздар 100-120 шақырым шапшаңдыққа

көшті. Атыраудан Сағызға дейінгі жолдар жаңа рельстермен алмастырылды. Атырау-Құлсары жолы да солай. Жуырда Атырау-Дина станциясы пойызы ашылды. Салалық жарыста да бөлімше жыл сайын алдыңғы лекте келеді және теміржолшылардың жаалақысы мен сыйақысы да соған сай өсуде. Ол істердің бәрінде сіздердің қолтаңбаларыңыз бар. Өйткені кезінде дұрыс шәкірт, білікті инженерлер, өз ісін сүйетін мамандар даярлай білдініздер. Соның арқасында бүгінгі буын жарқын істерімен көрінуде. Сол үшін де сіздерге ризашылық білдіреміз», – деді басшы.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Х.Айтимовтың айтуынша, бүгінде екі мыңнан астам еңбек ардагері бар. Оларға ұжымдық шартқа сай барлық көмектер беріледі. Тек былтыр-был індет салдарынан емдеу-сауықтыру орындарының жұмысы шектелуіне байланысты санаторийге барғандар саны кеміген. Алдағы уақытта қайта жандандырылақ.

Алдын ала жасақталған бағдар-



ламаға сай, ресми жиыннан соң ардагерлер бөлімше музейін аралады. Оны кезінде есімі елге танымал, белгілі теміржолшы Амангелді Селбаев ашқан болатын. Бірер жыл бұрын қайта жаңартылып, жаңа мағлұматтармен толықтырылды. Ардагерлер әр мекемеге, жеке адамдарға арналған бөлімдерге ұзақ аялдап, әріптестері туралы естеліктерімен бөлісті. Одан кейін арнайы автобуспен Атырау темір жол вокзалына барып, жолаушыларға қызмет көрсетудің бүгінгі жай-жапсарымен, билет кассаларының, жүк қоймасының, ана мен бала бөлмесі, басқа да нысандармен танысты.

Келесі нысан – облыстық музей. Бұл енді өлке тарихынан сыр шертетін, әріден бастап, тереңнен қозғайтын, әсерлі әңгімелер, әдемі экспонаттар ешкімді бей-жай қалдырмайтын құдыретті орын. Мұнда да музей қызметкерлері көне жәдігерлерден бастап бүгінгі күнге дейінгі асыл қазыналарымызды таныстырып, тарихын сипаттап, мол мағлұмат берді.

Өмір бар жерде өлім бар, бағдарлама бағытымен ардагерлер орталық мешітке барып, дүниеден өткен әріптестеріне арнап құран бағыштады. Мешіттің найб имамы Арман Исаев теміржолшылардың бұл бүгінгі жай-жапсарымен, билет кассаларының, жүк қоймасының, ана мен бала бөлмесі, басқа да нысандармен танысты.

Келесі нысан – облыстық музей. Бұл енді өлке тарихынан сыр шертетін, әріден бастап, тереңнен қозғайтын, әсерлі

Суретті түсірген автор

ПОД НАДЕЖНОЙ ЗАЩИТОЙ



По данным на 21 октября 2021 года получили вакцину более 90 тысяч работников АО «НК «ҚТЖ». Только за последнюю неделю привилось более 300 человек.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

Для железнодорожников нет такого вопроса: прививаться или нет от covid-19. Ведь для тех, кто трудится в большом коллективе, постоянно находится в местах массового пребывания людей, это жизненно важно. Всего по данным на 21 октября 2021 года получили вакцину более 90 тысяч работников АО «НК «ҚТЖ». Только за последнюю неделю привилось более 300 человек.

Так, работники локомотивных и поездных бригад, диспетчеры,

сотрудники вокзалов, билетные кассиры, монтеры пути, осмотрщики вагонов и другие железнодорожники призывают всех окружающих и близких понять, что только антиковидные вакцины – главная защита от коронавируса.

В целом по компании общий процент получивших первый компонент составил 82,9%, второй – 79,5%.

Среди лидеров в разрезе регионов – Ураловск, Кызылорда, Алматы и Шымкент.

ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ТҰРА БІЛДІК



«Қазкөліккәсіп» ҚБ Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Жұман Сәменов әулиеаталық теміржолшылар еңбекте ғана емес, қоғамдық жұмыстарда да белсенді және олардың бастамалары мен ізгі жобаларына кәсіподақ тарапынан тек қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

«Жамбыл теміржолында 9 бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді. Олардың жұмыстарын үйлестіріп, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, теміржолшылардың бастамаларына әрқаз қолдау білдіріп отырамыз. Мәселен, күні кешегі қарттар күнінде теміржолшы ардагерлерге дастархан жайып, олардың басын қосып, бір сәт қауқылдасып әңгіме-дүкен құруына мүмкіндік туғыздық. Реті келгенде, ойларын тыңдап, ұсыныстарына құлақ асамыз. Тұрмыстық-әлеуметтік ахуалынан хабардар болып отырамыз», – деді Жұман Тұрғынбайұлы.

Кәсіподақ филиалы Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты мекемелерге пандемия кезінде көп көмек көрсеткен. Қауіпті індет құтырып тұрған былтырғы жылы ұйым тарапынан станциялар мен деполарға санитарлық заттар мен медициналық бұйымдар сатып алуға 1 млн 850 мың теңгеге жуық қаражат бөлінген. Тек Шу ауданындағы дистанциялардың өзіне антисептик, қорғаныш бетпердесі, қолғап, медициналық халат сынды заттарды сатып алуға 620 мың теңгеден астам қаржы жұмсалған.

«Өткен жылы бұлардан бөлек, көп балалы теміржолшы отбасыларын қолдауға, оларды азық-түлік пакеттерімен қамтамасыз етуге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға жәрдемдесуге, халықаралық балалар күніне орай сый-сияпат жасауға назар аудардық. Осы бағытта кәсіподақтың қазынасынан 6 млн 300 мың теңгеден астам қаржыны игердік. Есесіне, мұқтаж жандарымыздың алғысына келмедік, теміржолшылардың әлеуметтік ахуалының тікелуіне тамшыдай болса да үлес қостық», – дейді аймақтық кәсіподақ төрағасы.

Жұман Сәменов мұндай игі шаралардың биыл да жалғасын тауып жатқандығын жеткізді. Тек пандемиямен күрес жұмыстарына 2 млн теңгеден аса қаржы бағытталған. Бұл сомаға санитарлық заттар мен медициналық бұйымдар ғана алынып қоймай, қарт теміржолшыларды қолдау шаралары да ұйымдастырылған.

«Біз ең алдымен теміржолшыларымыздың індет жұқтырмауына мән бердік. Олардың сақтық шараларын ұстануы үшін барынша жағдай жасауға тырыстық. Қызметкерлердің ешқайсысы маскадан, антисептиктен, қолғаптан, өзге де қорғаныш құралдарынан таршылық көрген жоқ. Соның арқасында індетке шалдыққан мамандарымыз да санаулы-ақ болды. Олардың дені сауығып шығып жатыр. Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты мекемелерден бірде-бір жұмысшы коронавирустың тырнағына ілінбегені қуантады. Яғни, біз қауіпті індетке қарсы тұра білдік», – деді Жұман Тұрғынбайұлы.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ ЖОҚ



Семей ЖТ бөлімшесі бойынша желілік полиция қызметкерлерінің ұйымдастыруымен теміржол нысандары мен желі бойындағы ұрлық-қарлықтың алдын алу және орын алған қылмыстарды ашу мақсатында «Ұрлық» атты жедел профилактикалық іс-шара өткізілді.

Қуан ЕРТИС,
Семей

Қылмыстың үлкен-кішісі жоқ. Ақция барысында ұсақ бұзақылық, оның ішінде қоғамдық орындарды ластау, ішімдік ішу, шылым шегуге салынған тыйымды бұзу, жұртшылықтың мазасын алу, сонымен қатар теміржол бойындағы белгіленбеген орындарда сауда жасау сынды заңбұзушылық фактілер тексерілді. Мұнымен қатар, көмелетке толмағандардың түнгі уақыттағы бейсауат жүруі сынды келеңсіздіктерге де назар аударылды.

Іс-шара барысында қоғамдық орындарда, теміржол көліктерінде қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау мақсатын көз-

деген тәртіп сақшылары жұртшылықтың құқықтық мәдениетін көтеруге де күш салды.

– Тәртіп бұзған және жүріс-тұрысы күдік тудырған бірқатар азаматтар бөлімшеге жеткізіліп, анықтамалық есептер бойынша тексерулер жүргізіліп, кейбір тұлғалар дактилоскопиялау және фото-бейнесуретке түсірілген өткізілді. Мақсат – оларды криминалистикалық есепке алу, бұрын жасаған қылмыстарға қатыстылығының бар-жоғын анықтау болатын, – дейді бұл орайда Семей станциясындағы ЖПБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы Рүстем Әбеуов.

Жалпы, мұндай ақциялар бөлімше бойынша жиі ұйымдастырылады. Сондықтан да болар, өрескел түрдегі басбұзарлық фактілер тіркелген жоқ.

КИПАРИСЫ УКРАСЯТ ВОКЗАЛ



На привокзальной площади Караганды продолжается осенняя посадка деревьев, организованная акиматом района им. Казыбек би по проекту Центра урбанистики.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В мероприятии принимают активное участие волонтеры, студенты и неравнодушные жители города. Как сообщили в акимате имени Казыбек би, привокзальную площадь решили украсить морозоустойчивыми деревьями – пирамидальными тополями. Примечательно то, что эти деревья достигают до 30 метров в высоту и внешне напоминают стройные пирамидальные кипарисы, не дающие пуха. За ними будет обеспечен соответствующий уход.

Проект по озеленению был разработан карагандинским Центром урбанистики. При этом схема посадки осуществляется согласно результатам исследований Алматинского филиала казахского научно-исследовательского института лесного хозяйства и агролесомелиорации, которые проводились три года назад.

По словам начальника железно-



рожного вокзала Караганды Шерхана Несіпбека, эти деревья, несомненно, украсят территорию визитной карточки города и сделают его еще краше.

Старт осенней посадке в Караганде был дан неделю назад. Тогда зеленый фонд города пополнился более чем полтора тысячами саженцев. 800 из них будут посажены в районе имени Казыбек би.

Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нур-Султан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакеева

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Султан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күшіне берілді.